

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні

№ 14 (508) 30 қыркүйек 2021 жылы



БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ

ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

УНИВЕРСИТЕТИМІЗГЕ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ПАРЛАМЕНТИНІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ КЕЛДІ

Келелі кездесуден соң, университетімізге Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин арнайы келді. Қадірлі қонақтар «Төрағалар аллеясына» ағаш отырғызды.

2 БЕТТЕ

БІЛІМГЕРЛЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

2021-2022 оқу жылына университетіміздің барлық білім беру бағдарламаларына білімгерлер қабылдадық деп айта аламыз. Талапкерлердің қазіргі таңдауы өте жоғары және барлық саланы қамтып отыр. Нақты бір бағдарламаны таңдап осы мамандық бойынша білімгерлер көп келді деп айту мүмкін емес. Қазіргі таңда елімізде педагогика саласына беріліп жатқан мүмкіндіктерге байланысты педагогикалық мамандықтармен қатар медицина, стоматология мамандықтарын, шет тілі мамандықтарына басқа мамандықтармен салыстырғанда біршама білімгерлер санының басымдығы байқалады.

3 БЕТТЕ

ЖАСТАР ҚАТЕЛЕСУДЕН ҚОРЫҚПАЙДЫ

Патриоттық сезім Отан үшін өлу емес, керісінше Отан үшін өмір сүру деп білемін. Ал қалай өмір сүрем десеңіз, ең мықты маман болып айналуыңызға пайдаңызды тигізуіңіз керек. Қай сала болмасын алға жылжу болу үшін жастар ұстаздан алған білімін жетілдіріп, заман көшінен қалмай ілесіп отыруы пайыз.

4-5 БЕТТЕРДЕ

Құрметті ұлағатты ұстаздар!

Сіздерді Ұстаздар күні мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаз – ұлы есім, ұстаздық – қасиетті мамандық. Осы міндетті абыройлы атқарып жүрген барша ұстаздарымыздың еселі еңбегі жемісті болсын! Шәкірт тәрбиелеу ісінде Сіздерге толағай табыс тілеймін!

Құрметпен,
Жанар Темірбекова,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры



УНИВЕРСИТЕТ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы көтерілді. Жаңа оқу жылынан бастап оқытушы жалақысы – 15%, аға оқытушы жалақысы – 20% , доценттікі–5%, профессордың жалақысы – 5%-ға артты. Ал қызметкерлердің жалақысы 15%-20% пайызға өсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғары оқу орындары оқытушыларының жалақысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес, білім ордасының ректоры Жанар Темірбекованың шешімімен Өкілетті Кеңестің келісімімен ендігі жерде оқытушы – 202 842 теңге, аға оқытушы – 232 752 теңге, ғылым кандидаты, доцент м.а. – 292 039 теңге, доцент ғ.д – 376631, доцент ғ.к. –316 371, профессор ғ.к. – 384 090 теңге, профессор ғ.д – 427 679 теңге жалақы алады. Бұл еңбек өтілін қоса есептелген көрсеткіш екендігін ескертеміз.



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

УНИВЕРСИТЕТІМІЗГЕ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ КЕЛДІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жылнамасы – жуырда жүзеге асқан тарихи оқиғамен толықты. Қара шаңырақ оқу орнына тамырлас Қазақстан мен Түркия Республикаларының Парламент жетекшілері арнайы ат басын бұрды.

Мәртебелі меймандар көшін – Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің Төрағасы, профессор Мұстафа Шентоп мырза бастап келді. Түркия Парламентінің Төрағасын Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Өкілетті Кеңесінің Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек бастаған университет басшылары құрметпен қарсы алды. Өкілетті Кеңес Төрағасы М. Шимшек қадірменді қонаққа Халықаралық оқу орнымыз туралы мәлімет беріп, келешек жоспарларды баяндады. Тамырлас Түркия Парламентінің Төрағасы университетіміздің басшылары мен оқытушы-профессорлар құрамымен кездесті. Жүздесуді кіріспе сөзбен ашқан Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек оқу орнымыз үшін тарихи күннің маңызын тілге тиек етті.

Университет ректоры Жанар

Темірбекова және ректор өкілі, профессор Женгиз Томар сөз алып, оқу орнымызға арнайы келген жоғары дәрежелі мейманға алғыс білдірді. Мәртебелі Мұстафа Шентоп тереңнен толғап, кеңінен қозғап сөз сөйледі. Бауырлас Қазақстан мен Түркия елдерінің тамыры терең ынтымақтастығын таразылады. Ғұлама бабамыз Қожа Ахмет Ясауи тұлғасына жан-жақты тоқталып, тарихи рөлін саралады. Ясауи есімін еншілеген Халықаралық университетіміз турасында тұщымды ой-пікірін ортаға салды.

Келелі кездесуден соң, университетімізге Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин арнайы келді. Қадірлі қонақтар «Төрағалар аллеясына» ағаш отырғызды. Қос Төраға бауырлас Қазақстан мен Түркияның білім-ғылым саласындағы берік ынтымақтастығының нышаны – Халықаралық қазақ-түрік университетіне жоғары баға берді.

Айта кетерлігі, түрленген Түркістанда Түркі тілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) оныншы пленарлық мәжілісі ұйымдастырылып, келелі кеңес өтті.



СҮНДЕТ ТОЙ - МҰСЫЛМАНҒА МІНДЕТ ТОЙ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жыл сайын балаларды сүндеттеп, сыйлық сыйлап, балғындарды айрықша қуанышқа бөлейді. Университетіміздің Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан бастау алған игі дәстүр биыл да жалғасын тапты. Оқу орнымыздың Клиника-диагностикалық орталығында сүндеттелген 100 балаға бағалы сыйлық тапсыру салтанаты өтті.

Бүлдіршіндерге сыйлық сыйлау рәсіміне Түркістанда ұйымдастырылған ТҮРКПА мәжілісіне келген Түркия мен Қазақстан Парламентінің депутаттары, Түркия Елшісі және Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек бастаған университет басшылығы қатысты.

Түркия Республикасының Қазақстандағы Елшісі Уфук Екижи, Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің депутаты Режеп Шекер және де Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Ғалымжан Елеуов пен Төрағамыз Мухиттин Шимшек салтанатта сөз сөйлеп, бүгінгі күннің балалар үшін ерекше күн екендігін тілге тиек етті. Университет атынан балаларға бағалы сыйлықтар тапсырылып, ата-аналарына құрмет көрсетілді.



ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ НИЗАМИ ГӘНЖАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫН ӨТКІЗДІ

Түркістан қаласында Халықаралық Түркі академиясы Низами Гәнжауидің туғанына 880 жыл толуына орай «Шығыстың шоқ жұлдызы» атты алқалы жиын ұйымдастырды. «Фараб» кітапханасында өткен алқалы басқосуға Әзербайжан Милли Меджлисінің Спикері Сахиба Гафарова, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, көрнекті жазушы Мархабат Байғұт, белгілі ақын Нармахан Бегалыұлы, Әзербайжан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Агалар Атамогланов, Әзербайжан Милли Меджлисінің депутаттары, Қазақстан Парламент Мәжілісінің депутаттары, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Жанар Темірбекова, бауырлас елдердің мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

МЕДИА МАМАНДАР ТӘЖІРИБЕ БӨЛІСТІ


Таяуда оқу ордамызда медиа мамандарының шеберлік сыныбы өтті. Қазақ тілінде онлайн контент жасаушылардың V форумы аясында ұйымдастырылған аймақтық шараға университет ректоры мен Журналистика кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы және студенттер қатысты. Сонымен қатар, медиа саласында біліктілік арттырушы азаматтар келді.

Университет ректоры Жанар Темірбекова маңызды басқосуды кіріспе сөзбен ашып, жиынға арнайы келген Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Қоғамдық дипломатия бөлімінің меңгерушісі Кристиан Раит мырзаға және білікті медиа мамандарына алғыс білдірді. Ж.Амангелдіқызы медиа сауаттылықтың өзектілігіне тоқталды. Жаңа медиа дәуірінде білікті мамандарды дайындау үшін тәжірибе алмасу жиындарының көп ұйымдастырылуы қажеттігін тілге тиек етті.

АҚШ Елшілігінің өкілі Кристиан Раит қазақ тілінде амандасып, кіріспе сөзінің біразын қазақша сөйлеп, ерекше ықыласқа бөленді. Мәртебелі мейман қазақ тіліндегі контенттің саны мен сапасын арттыру мәселесіне кеңінен тоқталды. Қараша айында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін форумның маңызын баяндады.

Басқосу университетіміздің түлегі, танымал блогер – Жанасыл Болатбектің семинар-тренингіне жалғасты. Тренингте медиа маманы өзекті тақырыптарды қозғады. Медиа тақырыбын тарқата таразылаған Думан Смақовтың лекциясы да қызықты өтті. Шеберлік дәрісінің қорытындысында тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

ҚАЗАҚСТАНДА РАДИО КҮНІ ПАЙДА БОЛДЫ



Қазақстанның мерекелік күндер тізбесі тағы бір айтулы датамен толықты.

Үкімет 2021 жылғы 13 тамыздағы қаулысымен Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесіне толықтыру енгізді.

Атап айтқанда, 1 қазан – Радио күні болып бекітілді. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Биыл жазда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ өкілдерін төл мейрамымен құттықтау кезінде радио қызметкерлерінің кәсіби мерекесі жоқ екеніне назар аударды.

Президент Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен жөн деп санайтынын жеткізді.

БІЛІМГЕРЛЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Мектеп бітірген әрбір жастың жоғарғы оқу орнына түсуді армандауы табиғи заңдылық. Түркі жұртының басын бір шаңырақ астына біріктірген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі белді оқу орындарының бірі. Биылғы жылы оқу ордамызға талапкер қабылдау жұмыстары қалай аяқталды, өткен жылдардан ерекшелік бар ма? Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Еділ Төлегеновке жолығып осы мәселелер бойынша сауалдар қойғанбыз. Назарларыңызға ұсынамыз.



- Биылғы жылы талапкерлерді қабылдау қалай аяқталды? Нәтижесін айтып өтсеңіз?

- 2021-2022 оқу жылына Мемлекеттік білім беру гранты конкурсына талапкерлерден құжат ҚР БҒМ Мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру жүйесі және Ұлттық тестілеу орталығының арнайы базасы арқылы онлайн режимде (ұлты қазақ шетел азаматтары үшін) қабылданды. Талапкерлер электронды үкімет порталы арқылы құжаттарын мемлекеттік білім гранты конкурсына онлайн режимде тапсырды. Талапкерлер үшін университеттің №3 оқу ғимаратында «Талапкерлерге қызмет көрсету орталығы» ашылып, мемлекеттік білім гранты конкурсына құжаттарын электронды үкімет порталы арқылы тапсыру үшін қажетті жағдайлар жасалып, кеңестер берілді.

ҚР БҒМ Мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру жүйесіне түскен талапкерлердің өтініштері тексеріліп, конкурсқа жіберілді. Мемлекеттік білім гранты конкурс кезінде талапкерлер үшін Call center және Zoom платформасы арқылы онлайн кеңес беру қызметі көрсетілді. Сонымен қатар, университетіміздің әлеуметтік желісі [yassawi.university.official](https://www.facebook.com/yassawi.university.official) инстаграм парақшасы арқылы мемлекеттік білім гранты конкурсына құжат тапсыруға байланысты арнайы роликтер түсіріліп, таратылды.

- Былтырғы жылдан ерекшелік қандай?

- Талапкерлерді жоғары оқу орындарына қабылдау жыл сайын жетілдірілу үстінде. Биылғы жылдың ерекшелігі талапкерлер құжаттарын онлайн түрде тапсыруға мүмкіндік жасалды.

- Талапкерлердің қызығушылығы қандай мамандықтарға басым болды?

- 2021-2022 оқу жылына университетіміздің барлық білім беру бағдарламаларына білімгерлер қабылдадық деп айта аламыз. Талапкерлердің қазіргі таңдауы өте жоғары және барлық саланы қамтып отыр. Нақты бір бағдарламаны таңдап осы мамандық бойынша білімгерлер көп келді деп айту мүмкін емес. Қазіргі таңда елімізде педагогика саласына беріліп жатқан мүмкіндіктерге байланысты педагогикалық мамандықтармен қатар медицина, стоматология, шет тілі мамандықтарына басқа мамандықтармен салыстырғанда біршама білімгерлер санының басымдығы байқалады.

- Биыл қанша грант бөлінді?

- 2021-2022 оқу жылына университетімізге 567 мемлекеттік білім гранты иегерлері қабылданды. Жалпы айтқанда университетімізге бакалавриат бағдарламасы бойынша - 2034, магистратураға - 215, резидентураға - 19, докторантураға - 12 білімгер қабылданды.

- Пандемияның әсерінен талапкерлерді қабылдау онлайн жүйеде жүргізілді. Бұл өз кезегінде студент қатарын арттыруға кесірін тигізген

жоқ па?

- Жоқ. Талапкерлердің құжат тапсыруы онлайн жүйеде жүргізілді. Egov.kz арқылы құжаттарын онлайн тапсырды.

- ЖОО-дан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау нәтижелері қалай болды?

- Магистратураға түсушілердің КТ қатысу өтініштерін қабылдауды Ұлттық тестілеу орталығы <https://app.testcenter.kz/> ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 15 маусымы мен 15 шілдесі аралығында әрбір үміткер өз бетінше онлайн тіркелу арқылы жүзеге асырылды. Магистратураға КТ – 20 шілде 10 тамыз аралығында өткізілді. Магистратураға білім беру грантының тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау 15 тамызға дейін университеттің <http://talapker.ayu.edu.kz/> вертуалды қабылдау комиссиясы арқылы өтініш тапсырды. Магистратураға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізген әңгімелесудің нәтижесі бойынша жүзеге асырылды. Резидентураның білім беру бағдарламалары топтарына түсу емтихандарының бекітілген кестесі негізінде 2021 жылдың 11 тамыз күні Ustudy аймақтық тестілеу орталығында кешенді тест I кезең бойынша емтихан тапсырды. II кезең сұхбаттасу Zoom жүйесінде онлайн 2021 жылдың 13-14 тамыз күндері ұйымдастырылды. Ағымдағы жылы докторантураға түсу емтиханы алғаш рет «1 тестіленуші - 1 компьютер – 1 камера» принципі бойынша компьютерлермен жабдықталған арнайы тестілеу орталықтарында өткізілді. Докторантураға түсу емтиханына қатысу үшін үміткерлер қабылдау комиссиясына құжаттарын өткізіп, халықаралық сертификаттарының түпнұсқалығын растағаннан кейін ғана қабылдау комиссиясының сүйемелдеуімен Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы тіркеп отырды. Докторантураға 14-20 тамыз аралықтарында түсу емтихандарын тапсырды.

- Ахмет Ясауи университетін таңдаған білімгерлерге оқу ордамыздың мүмкіндіктері, ерекшелігі жөнінде айта кетсеңіз.

- Университетте оқу төрт тілде жүргізіледі (қазақ, түрік, ағылшын, орыс), сондықтан, біріншіден, төрт тілді меңгеру мүмкіндігі бар. Екіншіден шетелге шығуға зор мүмкіндік бар. Түркияның 70-тен астам университетіне, Шығыс Еуропа елдері ЖОО-ларына 1 не 2 семестрге Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алып келуіне болады. Біздің университетте «Орхон», «Ерасмус» «Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламалары жұмыс істейді. Одан тыс мынадай мол мүмкіндіктер барын айту парыз:

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі жалғыз халықаралық және ерекше мәртебеге ие оқу орны.

- Университетті Түркия мен Қазақстан үкіметтері қаржыландыратындықтан ең озық материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген үздік университеттердің бірі.

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түлектерінің дипломдары барлық түркі тілдес елдерде еш кедергісіз танылады (нострификацияланады).

- Университет инфрақұрылымы: кітапхана, асхана, жатақхана, оқу лабораториялары заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген.

- Студенттерді әлеуметтік қолдау жүйесі қалыптасқан. Үлгерімі жақсы болған жағдайда ақылы негізде білім алушылар үшін тегін оқуға түрік квотасына ауысу мүмкіндігі бар.

- Студенттер өздерінің бизнес идеялары мен жобаларын жүзеге асыру үшін студенттік клубтар мен үйірмелер, стартап жобалар, спорттық клубтар жұмыс істейді.

- Біздің студенттер академиялық ұтқырлық шеңберінде Гази, Стамбул университеті, Хаджетепе, Иылдыз Текник және т.б. Түркия мен Еуропаның ең үздік университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие.

- Университетті бітірген соң жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары.

- Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ



БІЛІМ

Сәбит Баймағанбетов:

«ЖАСТАР ҚАТЕЛЕСУДЕН ҚОРЫҚПАЙДЫ»

«Біздің аға буын кітап оқыды, біз дайын бағдарлама қолдандық, бізден кейінгілер өздері бағдарлама жасайтын болады. Әр ұрпақтың өзіне белгіленген миссиясы бар» - дейді жас ғалым, «Экономика, басқару және құқық» факультетінің декан орынбасары Сәбит Баймағанбетов.



– Қайда білім алдыңыз?

– Осы университеттің түлегімін. Экономика және менеджмент мамандығын бітірген соң университетте оқытушы болып қызметке қабылдандым. Оқытушы бола жүріп, ғылым жолын жалғастырмақ болып докторантураға тапсырып, іріктеуден өттім. Түркияның Гази университетінде «Эконометрия» мамандығы бойынша оқып, қорғап келдім. Ол жердің заңы бойынша докторантураны 4+2 оқуға мүмкіндік береді.

– Ол жақта студенттік өмір, жатақхана мәселесі қалай екен?

– 2010 жылы барған кезімізде шәкіртақы 1000 лира болды. Теңгеге аударсақ 100 000 теңгенің жобасында. Мен отбасыммен барған соң жеке пәтер жалдап тұрдым. «Тарта жесең тай қалады» демекші біз шәкіртақымен күн көрдік.

Ол жақтың мемлекеттік жатақханалары айына 10 000 теңге. Бір қызығы сіз сол ақшаны төлейсіз, сізге 12000 теңгеге чек береді. Ол тамақ алатын чек. Бұл тамақ тегін деген сөз. Жеке жатақханалар 45000-75000 теңге аралығы. Барлық жағдайы жасалынған, интернет бар. Қыздар мен ұлдардың жатақханалары бөлек болады. Тағы бір ерекшелігі барлық университеттерге ортақ республикалық жатақханалары да болады екен. Жатақханадан орын алған студентке 10-12 күн түнемеуге рұқсат, егер ол белгіленген күннен асып кетсе, келесі жылы сізге жатақхана берілмейді.

– Шетелден қандай мақсат пен жаңалық ала келдіңіз, бізде білім беру саласында не жетіспейді немесе қандай артықшылықтар бар?

– «Сырт көз сыншы» деген бар ғой. Осында жүрген кезде жүйелі қалыптасқан білім алып, жұмыс істеп жүрдім. Бәрі дұрыс деп қабылдайтын едім. Түркия елінде «Экономиканы модельдеу» мамандығында білім алдым. Ол жақта статистиканы, зерттеу пәндері тереңдетіп оқытылады екен. Ал біз статистиканы 1 семестр ғана оқыған едік, ол жеткіліксіз болатындығын мен докторантурада сезіндім. Мен бітіріп келген соң сол екі семестрдегі білімді бір семестрге сиғызып оқыттым. Студенттерге қиын болды. Бірақ ертең шетелде білім алатын болса мен сияқты қиналмайтын болады. 2018 жылы университетке жаңа басшылық келді. Біздің факультетті Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі етіп біріктірді. Проректор Шолпан Есимовамен ақылдаса отырып қолданбалы пәндерді магистратура, докторантураға енгіздік. Атап айтсақ, «сандық және сапалық зерттеу әдістері», «қолданбалы әдістер» сонымен қатар «академиялық жазба», «зерттеу дизайны» атты пәндерді қостық. Студенттер бастапқыда қарсылық білдірді. Жаңалықты бірден қабылдай қою оңай болмайтыны заңдылық. Алғашқы жылы докторанттарға эксперимент ретінде 3 ай өттік. Ғылыми журналдарда сапалы мақала жазғыңыз келсе осы әдістерді қолдануыңыз керек дегенді түсіндірдік. Міне 3 жыл болды, қазір университеттің бекіткен пәні ретінде оқытылады. Біз Түркиядан алып келген білім жүйесін осында қолдандық.

– Декан орынбасары деген кім?

– «Декан орынбасарлары - деканның аттары» деген теңеу бар. Атақ мініп шапсаңыз сіз тоқта дегенше шаба бермек. Сонымен декан орынбасары дегеніміз - декан тоқтамай жұмсайтын адам. Бұл әзіл әрине. Ал шынтауайтына келсек, факультеттің бүкіл жұмысын ұйымдастыратын декан мен орынбасарлары. Оларға жоғарыдан қойылатын талаптар бар.

– Жақсы маман болу үшін не қажет деп ойлайсыз?

– Бұл сөзді қозғамас бұрын білім, ғылым саласы дегенде біздің ойымызға ЖОО не үшін керек деген сұрақ келеді. Бірінші Европалық көзқарас бойынша университет ғылым ошағы болу керек. Екінші америкалық көзқарас бойынша нарық талабына сәйкес маман дайындау керек.

Қазіргі таңда Білім және ғылым министрлігі біраз мамандықты практикаға негізделсін деп шешім шығарды. Оның ішінде біздің факультетке қарасты «Туризм», «Қаржы», «Бухгалтерия» мамандықтары бар. Біздің факультет америкалық модель бойынша дамуға бағыт алып отыр. Теория мен тәжірибе екеуі ұштасқан кезде сапалы маман даярлап шығуға болады.

Ал студентке не керек десеңіз, екі нәрсені қалайды. Бірінші оларға орта керек, екінші өзін-өзі дамытқысы келеді. Студенттердің барлығын бір мүддемен бастарын біріктіру үшін біз бір эксперимент жасадық. Егер студенттерге дұрыс бағыт, бағдар берсеңіз, өздерінің

ереше мамандық иелері екеніне сенетін болса, мықты болып шығады.

Жоғары оқу орындарында элитный мамандықтары бар. Бірінші медицина саласы, екінші заңгерлер (ақ жағалылар), үшінші экономистер. Заңгер дегенде көз алдымызға мемлекеттің заңын жүзеге асыратын және қадағалайтын органды елестетуіміз керек. Ол сот, прокуратура, адвокатура т.б. Бұлар мемлекет пен адамның тағдырын шешетіндер. Дәрігерлердің де қолында адамның тағдыры тұр. Ал экономистер, қарапайым банк жүйесін алайық, адамның не ішіп-жейтінін, қаржыны қалай жұмсайтынын белгілейді. Студенттерімізге ерекше мамандық иелері екенін жеткізіп түсіндіретін болсақ, студенттер әрқашан алда жүруге тырысады, ынталандыру болады. Биыл біздің мамандықтарға 100-ден астам студент қабылдадық. Бұдан 5 жыл бұрын бұл мамандықтарға сұраныс аз болатын. Қазіргі таңда қайта сұраныс артып жатыр.

– Болашақ маман иелері нені ескеру керек?

– «Орын адамды көрікті етпейді, адам сол жерге көрік береді» деген орыстың мақалын ұмытпаса екен деймін. Сен жақсы маман болсаң қай мекемеде жұмыс істесең де бәрібір. Ең бастысы әр студент мамандық таңдаған кезде шатаспауы керек. Түркі халықтарының бір ерекшелігі лидері қандай болса, адамдары сондай боламыз. Мысалы, Абылайхан тұсында қандай болды, мықты жауынгер едік. Сол сияқты әр заманда біздің көшбасшымыз кім, соған ұқсаймыз.

Түркиялық ұстазымыздың бір айтқаны бар еді «Біздің Түркияды бір ғана проблема бар, әркім өз ісін атқарса, өмір өзгертін еді» деп. Сіз өз мамандығыңыздың кәсіби, ең жоғары деңгейде атқарсаңыз, елге қосқан қызметіңіз осы болар еді.

Жастар, «патриот болу үшін, не істесем болады?» деп сұрайды. Патриоттық сезім Отан үшін өлу емес, керісінше Отан үшін өмір сүру деп білемін. Ал қалай өмір сүрем десеңіз, ең мықты маман болып айналаңызға пайдаңызды тигізуіңіз керек. Мысалы мен оқытушымын бар білгенімді шәкірттеріме үйретсем, ал студент өзін дамытса даму эволюциясы болады. Шәкірттеріме айтатыным, айтып та жүрмін ұстаздан шәкірт озуы керек деп. Қай сала болмасын алға жылжу болу үшін жастар ұстаздан алған білімін жетілдіріп, заман көшінен қалмай ілесіп отыруы парыз.

– Өзіңіз ұстазыңыздан озық тұрсыз ба?

– Біз ұстазбен шәкіртті, жас маман мен тәжірибелі маманды салыстырамыз. Ұстаздарымыз теория жүзінде мықты біледі. Оны мойындаймыз. Біз жастар қателесуден қорықпаймыз. Біз қателесек жастығымыздан көреді. Ал тәжірибелі мамандар қателесуден қорқады. Қателессе оларға сын. Бір ерекшелік осында. Практикалық жағынан мысалы, модельдерді қолдануды алайық, бұл жағынан біз дұрыстау білеміз. Қазіргі заман талабы. Мен ойлайтынмын бізде ғана осылай ма деп, сөйтсем заман алмасуы барлық жерде бірдей екен. Былтыр Түркияға ғылыми конференцияға барған болатыным, ол жақта да осы көрініс алдымнан шықты. Конференцияда жасы үлкен ғалымдар бізден теориялық тұрғысынан сұрақ қояды. Ал, жас ғалымдар «теория дұрыс шығар, қазір ғылым практикаға негізделген» деген пікірлерін білдіріп жатты. Міне осы тұрғыдан түсінбеушілік туындайды. Біздің шәкірттер тәжірибе жүзінде бізден озып тұр. Уақыт келеді біз де практиканың классигі боламыз. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ экономиканың заңдылықтары бар оны ұстаздарымыз жақсы біледі, қолданылуы бар оны біз жақсы білеміз. Неге? Өйткені біз Excel-ден бастап дайын пакет бағдарламаларды қолданамыз. Ал бізден кейінгі ұрпақ бағдарламаларды өздері дайындайтын болады. Біздің аға буын кітап оқыды, біз дайын бағдарлама қолдандық, бізден кейінгілер өздері бағдарлама жасайтын болады. Мүмкіншіліктер артып жатыр. Әр ұрпақтың өзіне белгіленген миссиясы бар.

Әр нәрсе салыстырғаннан пайда болады. Бұрындары ғылым саласын советтік және батыстық көзқарасқа бөліп қарастыратын еді. Біздің кеңес дәуірінде өмір сүрген ағаларымыз әлі күнге кеңестік идеологияны ұстанады десек артық айтпаймыз. Кеңес дәуіріндегі адамдар кеңестік идеологиямен өсті. Рас математика, физика, химия, биология секілді қолданбалы салаларда үлкен жетістіктерге жетті. Кеңес дәуірінің экономикасы мықты еді, бірақ нарыққа бейімделе алмағандықтан құрдымға кетті. Бұл жерде білім мен ғылым емес идеология тартысқа түсіп жатыр.

Ал қазір басқаша, батыстық идеологияға негізделген ғылым қалыптасуда. Мысалыға Түркияны алайық, әлемдегі дамыған 20 мемлекеттің қатарына кіріп отыр. Ғылымы батыстық идеологияға негізделген. Батыста экономика әр он-жиырма жылда өзгеріп, әр дағдарыста жаңа экономикалық мектептің қалыптасуына алып келеді.

- Егер сізге елді басқаруды тапсырды делік не істейтін едіңіз?

- Ең бірінші жүйені қалыптастыру керек. Біз қанша жерден ұнатайық, ұнатпайық айналып келіп Американың мықтылығын мойындаймыз. Өйткені онда жүйе қалыптасқандықтан басшылыққа кім келеді маңызды емес. Мен сөздің басында не үшін айтып өттім, лидер қандай болса, біз сондай боламыз деп. Ал бізде адам жұмыс істейді, қолмен басқару қалыптасқан. Бұл жүйені заман талабына сәйкес модернизациялап, автопилоттық деңгейге жеткізуіміз керек. Адам жұмыс істесе қателесуі мүмкін, ал жүйе қателеспейді. Қателессе құрдымға кетеді.

(Соңы 5-бетте)

Сәбит Баймағанбетов:

«ЖАСТАР ҚАТЕЛЕСУДЕН ҚОРЫҚПАЙДЫ»

(Соңы. Басы 4-бетте)

—Еліміздің жалпы дамуына байланысты экономистік көзқарасыңыз?

—Қазақстан экономикасына келсек, қысқа мерзімді өз міндеттемелерін орындай алады. Ал орта мерзімдегі болса сыртқы шоктарға байланысты. Бірінші Ресейдегі ахуалдың әсері, екінші шикізат бағасына байланысты. Еліміздің экономикасы шикізаттардың бағасына байланысты. Идея ұсынатын мемлекеттер бар ол Америка. Екінші өндіріс шығаратындар Жапония, Европа елдері. Үшінші деңгейдегі Қытай мемлекеті, тауардың аналогтарын шығарады. Ал бізге не қалады? Біз ауылшаруашылық өнімдерін – ет, сүт, май, құрт, қымыз, қымыран, бидайдан ұн, т.б. табиғи өнімдерді дүние жүзіне экспорттасақ болады. Экономикамызды дамытқымыз келсе экологиялық бренд қалыптастыруымыз керек.

Ал Түркістанда екі нәрсені дамыту керек. Рухани туризм және ба-

зар дәстүрі. Туризм саласы бойынша Ахмет Ясауидің кесенесі, Арыстанбаб, Укаш ата басқа да әулиелі жерлер оңтүстік өңірінде баршылық. Бір қызығы Түркияда да Укаш ата бар екен. Айтылатын аңызы барлығы бірдей. Қаламызда туризм даму үстінде. Арнайы ұшақтар рейсі ашылып, шетелдіктер көптеп келіп жатыр. Жақын, алыс шетелдіктерді қызықтыратын, тәу етіп келетін Түркістанның атын шығарып тұрған Өзірет Сұлтан кесенесі екені белгілі. Сонымен қатар тарихтан белгілі қаламыз Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан сауда-саттықтың нағыз ортасы болған. Осыны қайта жаңғыртып дамытса. Еліміздің Батыс өңірлері Түркістанға керекті тауарларын алуға келеді. Осыны хаб ретінде дамыту керек. Хоргос Алматы өңірін дамытып отырса, тура сол сияқты логистикалық хаб істеу керек. Сол кезде батыстың, шығыстың, оңтүстіктің тауарларын Түркістаннан алатын болады. Оңтүстікті

шығыс пен батысты байланыстыратын көпір ретінде дамытуға болады. Тағы ауылшаруашылық өнімдердің биржасын дамытуға болады. Көтерме сауданың цифрланған және үлкен форматта жасау. Бүкіл европалық дамыған мемлекеттерде осылай қалыптасқан. Біз ұстап, көріп, иіскеп алғымыз келеді. Алушыны сенетін деңгейге жеткізіп, биржа арқылы сатып алуды дамытуды қолға алса, еліміздің батыс өңірі Алматыдан емес Түркістаннан алатын жағдай жасалса алғышарттары дайын. Түркістаннан поезд, самолет, көлік жүреді. Енді екінші деңгейге шығару керек.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Жас ғалым Сәбит Баймағанбетов 3 баланың әкесі, бір үйдің отағасы. Келіншегі медицина саласының қызметкері. Әріптестері мен білімгерлердің арасында өзіндік орны бар азамат.

Сұқбаттасқан:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА



БАСТЫ МІНДЕТ - ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша өтініш қабылдайтын бірыңғай ақпараттық жүйені пайдалануға шақырамыз. Ел тұрғындары күнделікті тауарлар мен қызметтерді алады, сонымен бірге олардың сапасыздығына немесе адал емес сатушысына тап болады. Өкінішке орай, бұл тауар-ақша қатынастары шеңберінде тұтынушылардың құқықтарының жиі бұзылуымен болады. 2020 жылдың 25 маусымында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Бұл заң «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, заңда 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі - бұл тұтынушылардың өтініштерін қабылдау мен қарау процесін автоматтандыруға, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық деңгейлерінде оларды жүйелеу мен есепке алуға арналған ақпараттық жүйе. Бұл жүйені «бір терезе» қағидаты бойынша құру арқылы барлық қорғаныс шаралары бір тәртіпке келтірілді, шағымдарды қарау және уәкілетті органдарға жіберу процесі оңтайландырылды.

Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін, шағымның себебі мен қызмет түріне байланысты жүйеге стандартты шағым бланкілері орналастырылды. Нәтижесінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатушылар (өндірушілер, орындаушылар), Ойындардың бастамашылары (ұйымдастырушылары), тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар), заң консультанттары заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылады және заңгерлік қызмет көрсету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа адамдар, тұтынушылар дауларын сотқа дейін реттеу субъектілері, мемлекеттік органдар тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне тұтынушылардың қаралған өтініштерінің нәтижелерін ұсынады, сондай-ақ оларды қараудан бас тарту себептері туралы барлық ақпаратты тез енгізеді. Жүйе қазіргі уақытта жұмыс істейді, яғни ұялы телефонды немесе компьютерді қолдана

отырып www.e-tutynushy.kz сайтында әрбір тұрғын өзінің бұзылған құқықтарын жариялай алады. Хабарланған органға хабарласпас бұрын, тұтынушы мәселені сатушымен тікелей шешуге тырысуы керек. Алайда, егер сатушы 10 күн ішінде талапқа жауап бермесе, ол уәкілетті органға хабарласады. Әрбір сату ұйымына QR коды түрінде көрнекті жерде көрсетілетін бірегей идентификатор тағайындалады. Мысалы, дүкеннің есігінде немесе өнім сатылатын жерде. Егер сатып алушы өзінің құқықтары бұзылды деп есептесе, ол QR кодын сканерлейді, жүйеге кіреді және сатушыға, тұтынушылардың қоғамдық бірлестігі мен мемлекеттік мекемеге шағым жіберу мүмкіндігіне ие болады. Егер мемлекеттік органға жіберілсе, цифрлық жүйе бұл шағымды қай органға жіберу керектігін автоматты түрде анықтайды. Тұтынушыға адресат, апелляцияны қарайтын адам, содан кейін қарау нәтижелері көрсетіледі. Сатушы да шағым алғанын көреді. Бұл дауды бірінші кезеңде сыртқы тараптардың қатысуынсыз шешуге мүмкіндік береді, бұл кәсіпкерлерге де, тұтынушыларға да әлдеқайда тиімді, сонымен қатар осы жүйені қолдану арқылы тұтынушы мен сатушыға уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлер үшін бұл тауарлар, қызметтер мен тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға ынталандыру болады. Мұндай шағымдарды жинау мен өңдеудің бірыңғай мемлекеттік жүйесі елдегі тұтынушылардың шағымдарының барлық түрлеріне ауқымды талдау жасауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жаңартуға және олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Жүйені автоматтандыру тұтынушыларға ұялы телефоны бар мобильді қосымша арқылы тиісті органдарға шағымдарды тез әрі тиімді жіберуге және мәселені тез шешуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде кез келген тұтынушы компьютер немесе телефон арқылы www.e-tutynushy.kz сайтына кіріп, сұраныстарын жібере алады. Өз құқығыңызды қорғаңыз және сауатты тұтынушы болыңыз!



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



«МЕДИЦИНАДА ДӘРІГЕРДІҢ ӨЗІ НАҒЫЗ ДӘРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ»

Қай уақытта болсын медицина ғылымы өз өзектілігін жоғалтпай, әрдайым үлкен сұраныс пен білікті мамандарды қажетсінеді. Қазіргі таңдағы эпидемиалық өзі, оның үлкен айғағы деп айта аламын. Менің осы саланы таңдауым - өзімнің ғана емес, елімнің де болашағына басқан үлкен баспалдағым еді. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Дәрігер болып, науқас жандардың сырқатына шипа беріп, дертіне дәру болу үшін үлкен ерік-жігер мен мол қызығушылық, асқан төзімділік пен ісіне деген үлкен махаббат қажет.



Дәрігер болу үшін бейімділік, икемділік, қабілеттілік қасиеттері аздық етеді. Дәрігердің науқас адамның сеніміне ие бола білуі, адамды өзінің ауруымен күрестіре білуі маңызды. Сырқат жандарға күшін ғана емес, жүрегін де жұмсай білуі қажет. Дәрігер болу - бала кезден бергі арманым. Әжем қатты сырқаттанып қалып, ақ халатты абзал жандардың көмегіне мұқтаж болған еді. Содан бастап осы мамандық иелерінің қаншалықты қажет екенін, жасап жатқан істерінің соншалықты кереметтілігін көріп, содан бастап мен де дәрігер боламын деген сөзді санама сіңіріп, көңіліме түйдім. Ахуалды дәрменсіз, ғаламды қорғансыз еткен пандемияда тәжвируспен күресетін күрделі жағдайда да, осы халатты абзал жандар халықтан көмегін аянбайды. Оны

сол сәтте «Жұқпалы аурулар» ауруханасындағы жұмысқа жұмылдырылған өзімнен білемін. Ажалмен арпалысқан жандардың өміріне араша түсіп, күн-түн демей, өз бастарын қатерге тігіп, айлап ауруханаға түнеп жүрген ақ халаттылардың еңбегі ерен. Өзгенің өмірімен күресеміз деп өз өмірің бөйгеге тігіп, ажал құшқан абзал жандардың сәулелі ғұмыры баршаға үлгі.

Медициналық білімімнің негізі 2011 жылы Оңтүстік Қазақстан медицина колледжіне жалпы тәжірибелі мейірбике ісінен бастау алды. 2015 жылы диплом алып, сол жылдан бастап, Қалалық Кардиологиялық орталықта кардиореанимация бөлімдерінде жұмыс атқарып келемін. 2017 жылы елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығында» «Жүректің ишемиялық аурулары бойынша» 146 сағаттан тұратын оқу курсынан өтіп, өз білімімді әрі қарай жетілдірдім. 2018 жылы кешенді тест тапсырып, 119 балл жинап, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті

атандым. Университет қабырғасында жүріп, өз біліктілігімді арттырып, тәжірибе алмасу мақсатында 2020 жылы қазан айында Ümraniye Eğitim Araştırma Hastanesi Стамбул қаласында, 2021 жылы да Стамбулдағы LIV Hospital ,Medipol Hastanesi(Kardiyoloji Bölümü) және 2021 Erdem Hastanesi (Koroner Yoğun Bakım Bölümü) болдым. Түркия - медицинасы қарқынды дамыған елдердің бірі. Түркияның клиникалық диагностикалық орталығы жаңа технологиялық жабдықпен жабдықтандырылған. Мені қуантқаны, Түркияға бару арқылы өз білімімді жетілдіріп, күрделі оталарды көріп, өз елім үшін үлкен білім мен тәжірибемен оралғаным. Түркияда шетелдегі алдыңғы қатарлы медицина ғалымдарымен кездесіп, айтулы халықаралық жиындарда, тәжірибелерде болдым. Түріктердің аса күрделі оталарға батыл түрде тәуекел етіп отырғанын және адам сенгісіз шынайы жетістіктерге ие болғандығын, бұл саланың құпиясын тереңдете түскен ғалымдардың осынша көп легін көргенде таң қалдым. Қазіргі таңда, Халықаралық қазақ-түрік университетінің кез-келген студентінде шетелмен тәжірибе алмасып, өзін дамытуға және оған университеттің толықтай қолдау көрсетіп, жағдай жасайтынына мен өте қуаныштымын. Бұл дегеніміз алдағы уақытта елімізде білікті мамандар көбейіп, медицина саласы қарқынды дамиды деген сөз. Әр қызметкер ел игілігі үшін атқарар қызметін тереңінен зерттесе, шетел асып дертіне шипа іздеп кететін, шетелдік квотаны жылдап күтетін отандастарымыздың саны азаяр еді.

Бұл сала мені үнемі шабыттандырып, жаңа дүниелерді ізденуге құштарлығымды оятып отырады. Адамдарды емдеп, олардың оң нәтижесін көріп, алғысын алу мен үшін үлкен ғанибет. Бірнеше жыл бұрын оқу ордамыздың жастарымен Ордабасы алаңында серуен құрып жүріп, бір жағдайға кезіктік. Жүкті әйел адам қан қысымы көтерілуі салдарынан есінен танып құлап қалыпты. Мезетінде ол кісінің өмірін ажалдан арашалап қалып, жедел жәрдем келгенше алғашқы көмек көрсеттім. Сондай сәтте, сол жерден табылғанымға қуанып, бойымды қуаныш кернеп, осы мамандықты таңдағанымға қатты қуандым. Антоний Кэмпиньский айтқандай, медицинада дәрігердің өзі нағыз дәрі болып табылады. Қортындылай келе, дәрігерлік бұл – адам өміріне араша болып, барлық аурулармен күресетін батырлар. Осындай жауапкершілігі мол саланы таңдап, түркі халықтарының ортақ білім шаңырағына айналған Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алып жатқанымға өте қуаныштымын. Инновациялық оқыту мен ғылыми зерттеулерге ерекше назар аударатын университет басшылығына айтар алғысым ерекше. Ендігі менің мақсатым, өлім мен өмір арасында арпалысқан жандарға дер кезінде көмек қолын созу, алған білімімді дұрыс арнада тәжірибеде қолдану. Осылайша, мені жетелеп келе жатқан мақсаттарымды жүзеге асырып, елімнің дамуына өз үлесімді қосуға бар күшімді саламын.

Райхан БЕРДІБЕК,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
3 курс студенті

ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ - СІЗДІҢ ГАЗЕТІҢІЗ!



Құрметті оқытушы-профессорлар қауымы! Қымбатты студенттер!

«Ясауи университеті» университеттік газеті - Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің төл басылымы. Газет 1994 жылдан бері шығып келеді. Негізгі бағыты – университеттің мәдени-көпшілік орындарында және факультеттерінде өтіп жатқан басты-басты жаңалықтармен оқу-орын қызметкерлерін, ұстаздар мен студенттер қауымын таныстырып отыруға бағытталған.

Газеттің ең басты мақсаты – университеттегі қызметкерлерді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен, жаңа оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, монографиялармен, сонымен қатар студенттің мамандық игерудегі жаңа көркем шығармашылықтағы табыстарымен таныстыру. Сонымен қатар университеттегі жазуға бейімі бар студенттердің шығармашылығын арттыру. «Ясауи университеті» газеті негізінен студенттерге арналып, ізденушілердің көмегімен жарық көрген басылым.

Университеттің үздік студенттерінің ғылым мен білімдегі, спорттағы, қоғамдық жұмыстардағы жеткен жетістіктері баяндалады.

Осыған байланысты газетке жазарыңыз, айтар ойыңыз болса мархабат! Біз сіздерден тың ойлар мен тиімді ұсыныстар, қызықты мақалалар күтеміз!

Редакция ұжымы



TBMM Başkanı Prof. Dr. Mustafa Şentop Üniversitemizi Ziyaret Etti

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Prof. Dr. Mustafa Şentop, Kazakistan Meclis Başkanı Nurlan Nigmatulin ile birlikte 28 Eylül 2021 tarihinde Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türkistan yerleşkesini ziyaret etti.

TBMM Başkanı Prof. Dr. Mustafa Şentop; Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından karşılandı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi'nde düzenlenen konferansın açış konuşmalarını yapan Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, "Üniversitelerin 3 görevi vardır. Eğitim-öğretim, bilimsel faaliyetlerde bulunmak ve yerelin problemlerini çözmek. Eyalet Valimiz ile beraber bunu da yakaladık. Cumhurbaşkanımız bizden tek bir şey istemişti. Kaliteyi artırın demişti. Bu nedenle pandemi döneminde her ay 5 tıp hocasını ülkemize götürdük. Orada bilimsel faaliyetlerde bulundular ve buraya geldiler." dedi.

Sayın Şimşek, "Bugün Meclis Başkanımız Sayın Prof. Dr. Mustafa Şentop'u Üniversitemizin Türkistan yerleşkesinde ağırlamaktan memnuniyet duyuyoruz. Kendilerine ziyaretlerinden dolayı bir kez daha teşekkürlerimizi sunmak isteriz." diyerek sözü Meclis Başkanımıza tevdi etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesinin Kazakistan ve Türk Dünyasının başlıca üniversiteleri arasına girdiğini kaydeden Prof. Dr. Şentop şunları söyledi:

"Üniversitenin başarısının anahtarlarından biri de şüphesiz üniversitenin kuruluş anlaşmasıyla güvence altına alınmış olan özerklik ve uluslararasılık statüsüdür. Bu özel statünün Kazakistan tarafının da desteğiyle daha da güçlendirilmesi gerekmektedir. Üniversitemizin her mecrada daha da ileriye taşınması için Kazakistan'daki kardeşlerimizle elimizden gelen gayreti gösteriyoruz. Önümüzdeki dönemde de bu gayreti göstermeye devam edeceğiz."

TBMM Başkanı Prof. Dr. Mustafa Şentop, Kazakistan'ın 30. kuruluş yılı dönümünün yaklaştığına dikkat çekerek Türk-Kazak ilişkilerinin son yıllarda akademik, sosyal, siyasi ve ekonomik anlamda önemli mesafe katettiğini vurguladı.

Ziyaret, TBMM Başkanı Prof. Dr. Mustafa Şentop ve beraberindeki heyetin kampüs gezisi ve hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE TOPLU SÜNNET MERASİMİ DÜZENLENDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından geleneksel olarak düzenlenen toplu sünnet töreni, 29 Eylül 2021 tarihinde Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi'nde gerçekleştirildi.

Türkistan halkına destek amacıyla düzenlenen etkinliğin bu yılki programının açılışına Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Kazak ve Türk milletvekilleri, Nur-Sultan Büyükelçisi Ufuk Ekici, Almatı Başkonsolosu Ali Rıza Akıncı, Kazakistan Millet Meclisi Vekili Galimjan Tilu, Rektör Dr. Janar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Türkistan halkı katıldı.

Program, geleneksel Kazak halk dansları topluluğunun gösterisi, mini konserler ve çeşitli dans gösterileriyle devam etti. Etkinlik, programa katılan ailelere ve çocuklara sunulan hediyelerin ardından hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.



Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi 2021-2022 Akademik Yıl Açılış Töreni Gerçekleştirildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, 23 Eylül 2021 tarihinde Türkistan'da düzenlenen toplantıda akademik ve idari personel ile bir araya geldi. Yeni akademik yıl hakkındaki değerlendirmelerin ardından toplantı, hatıra fotoğrafı çekimi ile sona erdi.

Türk Dünyası Parlamenterler Vakfı Üniversitemizi Ziyaret Etti

Türk Cumhuriyetleri ve akraba toplulukları arasında ekonomik, kültürel ve siyasi iş birliği sağlamak amacıyla kurulan Türk Dünyası Parlamenterler Vakfı 23 Eylül 2021 tarihinde, Üniversitemiz yönetim kurulu üyeleri ev sahipliği ile Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde ağırlandı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar'ın tanıtım konuşmasının sonrasında "Resimli Türk Dünyası Tarih Müzesi"ni gezen vakıf üyeleri, müzik dinletisinin ardından rektörlük binasını ziyaret etti.

ӘЛЕМДІК КҮНТІЗБЕ

ҚЫРКҮЙЕК - МЕРЕКЕЛЕР АЙЫ

Тоғызыншы айда әлемнің әр бұрышы қызықты мерекелерге тола. Жаймашуақ қыркүйек айының бояуы көзді тұндырады. Ыстықтың басылып, салқын жел есе бастаған шақ. Елімізде қыркүйек айы оқу жылының басталуымен ерекшеленеді.

1 ҚЫРКҮЙЕК - ЭНКУТАТАШ - ЭФИОПИЯ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІ.



Эфиопияда Жаңа жыл 11 қыркүйекте тойланады. Бүгінде Эфиопия бізден 7 жыл 8 айға артта қалды. Энкутаташ сөзі құндылықтарды бөлісуді білдіреді. Аңыз бойынша, Жаңа жыл қарсаңында Совская патшайым жариялайды. Иерусалим Сүлеймен патшадан

патшайымның оралғанын естігенде қуанып, ал оның бағынушылары патшаны бағалы заттармен қарсы алады. Королеваның оралуы Эфиопияда жаңа дәуірдің басталуын белгіледі. Гондардағы Гейнстеги 14-ғасырдағы Костеле Йоханнес шіркеуінде монахтар әнұран, діни әндер айтады және үлкен іс-шаралар өткізеді. Энкутаташты Абебадан алыс емес орналасқан Аддис-Абеба шіркеуінде кеңінен атап өтеді. Әдетте мереке 10 қыркүйекте кешке басталады. Эфиопиялықтар эвкалипт пен шырша бұтақтарынан от жағады. Ең үлкен от Аддис-Абебаның басты алаңынан басталады. Барлығы отқа сеніммен және үмітпен қарап, қуанады. Үлкен ағаш оттың негізі ретінде өртеледі. Алаңға жиналған тұрғындар жанып тұрған ағаштың қай тарапқа құлағанын қарау үшін жиналды. Адамдар қай жерде ағаш құласа, өнім мол болады деп сенеді. Таңертең адамдар шіркеуге ұлттық киімдерімен барады. Шіркеуден кейін олар үйге мерекелік дастарқанға асығады. Бірақ Энкутаташ - бұл діни мереке ғана емес, сонымен қатар жаңбырлы маусымның аяқталуы мен көктемнің келуінің хабаршысы. Бұл күні балалар түрлі-түсті киімдер киіп, гүл шоқтарын жасайды және оны барлығымен бөліседі. Қыздар үйлерге барып ән айтады, сыйлықтар алады, ал ұлдар суреттерін сатады. Бәрі кешке бауырларын алып жүреді. Ересектер келесі жылы не болатынын үстел басында талқылайды.

3 ҚЫРКҮЙЕК - ГОЛЛАНДИЯДА ГҮЛ ШОУЫ МЕРЕКЕСІ

Гүл шоуы жыл сайын 3 қыркүйекте Нидерландыдағы Алсмер қаласында өтеді. Шоу Aalsmeer аукционнан Амстердегі басты алаңға дейін жалғасады. Көрме қатысушылары 2 шақырымнан астам жүреді, ал көрермендер миллионға жуық гүлдерді көре алады. Бұл гүлдер 30 вагон мен 20 қайықта тасымалданады. Көрмені Голландиядағы ең ірі гүл компаниялары ұйымдастырады. Мұнда бәрінен бұрын қызғалдақ, раушан, хризантема мен лалагүлдерді көруге болады.



12 ҚЫРКҮЙЕК - КОРЕЯДАҒЫ ЧХУСОК (ТОЛЫҚ АЙ) МЕРЕКЕСІ

Чхусок күзде өткізіледі, бұл бүкіл заманауи корей халқы ай күндері үлкен ынтамен қарсы алатын мереке. Чхусок 8-ші ай күнтізбесінің 15-ші күні атап өтіледі. Өте айқын болу үшін, Чхусок үш күнге созылады - фестивальдің бірінші және үшінші күндері кездесулерден кейін және жолда өтеді. Мерекенің шарықтау шегі - күннің ортасы - сегізінші ай күнтізбесінің 15-ші күні. Серкатнов филиалдары автокөліктерге толы, барлық мекемелер мен дүкендер үш күнге жабық. Барлық отбасылар

жиналып, зираттарға барып, қайтыс болған туыстарының рухына тағзым етеді.

Барлығы бұл мерекені өздеріне қымбат жерлерде өткізуге тырысады. Белгіленген жерге жету үшін ұшақтар мен пойыздарға билеттер алдынала брондауда. Бұл мереке жылдың ең маңызды мерекелерінің бірі.

Дүниежүзілік автокөліксіз күн

22 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВТОКӨЛІКСІЗ КҮН ЖЫЛ САЙЫН ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІНДЕ АТАЛЫП ӨТЕДІ

Бұл халықаралық деңгейдегі символикалық акция, оның негізгі мақсаты - қоғамға табиғат пен адамдар үшін шамадан тыс моторизацияның қауіптілігін еске салу, сондай-ақ осы көлік құралына мүмкін болатын баламаларды ұсыну.

Алғаш рет көліксіз күн 1973 жылы Швейцарияда өткізілді, онда ел билігі жанармай дағдарысына байланысты азаматтарды төрт күн бойы көліктен бас тартуға шақырған болатын.

Әр түрлі еуропалық елдерде автокөліктерден бас тартудың жекелеген әрекеттері келесі екі жарым онжылдыққа жалғасты. 1997 жылы бірінші болып Ұлыбританияның бүкілхалықтық акция өткізді. 1998 жылы Франция қолдайды. Көліксіз жалпы еуропалық күн 1999 жылы «Менің көлігімсіз қалада» акциясы аясында ұйымдастырылды, ол Еуропалық мобильділік апталығымен жалғасты. Қазіргі таңда жыл сайын Еуропалық Комиссияның қамқорлығымен 16-22 қыркүйек аралығында өтеді,

23 ҚЫРКҮЙЕК - ЖАПОНИЯ МЕН МЕКСИКАДА КҮЗГІ КҮН МЕН ТҮННІҢ ТЕҢЕСУІ

Күзгі теңесу - күздің астрономиялық есептеуден басталатын күні. Күннің солтүстік жарты шардан оңтүстік жарты шарға өту нүктесі көктемгі және күзгі күн мен түннің теңелуіне сәйкес келеді. «Күн мен түннің теңелуі деген сөз жердің барлық нүктелерінде осы күні бірдей болатынын білдіреді.

Жапонияда күзгі күн мен түннің теңелуі 1878 жылдан бастап ресми мереке болып саналады. Бұл күні жапондықтар ежелгі будданың гигон фестивалін өткізеді. Олар ата-бабаларына барып, қажетті рәсімдерді жасайды. Мексикада күзгі күн мен түн теңелген күні олар ежелгі Чичен-Ицадағы әйгілі Кукулукан пирамидасына баруға тырысады. Бұл пирамида Күнге қарай көктем мен күздің теңелетін күндері күн сәулелері басты баспалдақтың шетіне көлеңке түсіретін етіп бағытталған (шетіндегі жыланның пішінін еске түсіреді).

30 ҚЫРКҮЙЕК - АВСТРИЯДА АСҚАБАҚ ФЕСТИВАЛІ

Қыркүйектің ерекше мерекелерінің бірі - Австриядағы асқабақ фестивалі. Жыл сайын 30 қыркүйекте бұл мереке осы елдің ірілі-ұсақты қалаларының тұрғындарын жинайды. Мереке күні сіз асқабақтан жасалған антиквариаттың түрлі тағамдарының дәмін тата аласыз:

сорпалар, кондитерлік өнімдер, сусындар және т.б. Мерекелерге байланысты түрлі көрмелер, асқабақтан жасалған әр түрлі экспонаттардың презентациялары өтеді. Фестивальдің тағы бір ерекшелігі - асқабақ жарысы. Ол үшін асқабақтың ең үлкен жемістерінің бірі таңдалады, оның іші кесіліп,



асқабақтың кішкене ыдысы пайда болады. Мұндай асқабақ «қайықтарында» су жарыстары бар. Сонымен қатар, асқабақтың үлкенінен кішісіне дейін көрмелері, сондай-ақ асқабақтан жасалған әр түрлі мүсіндер болады. Қазіргі уақытта бізде «карвин» әдісімен әр түрлі өнер туындыларының көрмелері бар. Асқабақ медицинада өте дәрілік көкөніс ретінде де танылған. Табиғатта асқабақтың 13 түрі кездеседі. Оның жемістерінен басқа, тұқымдар өте дәрілік. Оның отаны - Солтүстік және Оңтүстік Америка. Жеміс құрамында 15-18% құрғақ зат, 4-11% қант, аскорбин қышқылы, каротин, тиамин, рибофлавин, азот қосылыстары, 0,7% дәнекер тін, 0,5% ақуыз, 0,2% май, 0,6, 20% күл, тұқымда 40-ХNUMХ% май болады. Асқабақты қайнатып, буға пісіріп, қуырады.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru